

Мирзагелдиев Б.А.¹, Керим Ш.Т.², Рашимбетов Р.Т.³

^{1,2}Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: kmdbbeibit@mail.ru

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРЫНБОР МҰФТИЛІГІНЕ ҚАРАТЫЛУЫ ЖӘНЕ МҰСЫЛМАНДЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Автордың бұл мақаласында патшалық Ресей тарапынан құрылған Орынбор мұфтилігінің XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың ортасына дейінгі аралықтағы қызметіне талдау жасалынған. Қазақстан аумағындағы мұсылмандық басқарудың тарихын талдауда аталмыш кезеңнің мәні мен алатын орны зор. Бұл кезең қазақ даласында саяси-әлеуметтік өзгерістерге толы болды. Ал Орынбор мұфтилігі патша әкімдігі тарапынан жасалған өзгерістердің орын алуына ықпал еткен негізгі құрылым болып табылады. Алайда, осындай ықпалды құрылым болып табылатын Орынбор мұфтилігінің қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси ықпалы жайлы толыққанды зерттеулер аз.

Зерттеу барысында патша әкімдігінің Орынбор мұфтилігін құруға түрткі болған бірнеше себептері көрсетілді. Орынбор мұфтилігінің қызметін талдау арқылы автор мұсылман халықтарының, соның ішінде қазақтардың Ресей империясының әкімшілік басқару жүйесіне бейімделу үрдісін кезең-кезеңімен ашып көрсетеді. Мұсылмандық басқару жүйесінің патшалық Ресейлік үлгісінің дамуы барысындағы қазақ қоғамына кері немесе оң әсерлері тарихи-логикалық әдіс негізінде сараланды. Әсіресе, патшалық биліктің ықпалымен мұфтияттың діни қызметкерлерді іріктеу талаптарын саралай келе осы кезең қазақ қоғамында ханафи мазһабының дамуына оң әсер еткенімен, билік талаптарына сай келмеген дін қайраткерлерінің қызметіне шектеу қойылғандығы дәйектелді. Православие дініне басымдылық берумен қоса, Ресей империясы Орынбор мұфтилігін құрып, мұсылмандық басқару жүйесін дамытты. Нәтижеде империяға бағынышты мұсылмандардың зайырлы мемлекеттік басқару жүйесіне біртіндеп бейімделу үрдісі күшейе түсті.

Түйін сөздер: Орынбор мұфтилігі, ислам, патшалық Ресей, дін қызметкері, мұфти.

Mirzageldiyev B.A.¹, Kerim Sh.T.², Rashimbetov R.T.³

^{1,2}Egyptian University of Islamic Culture «Nur-Mubarak», Kazakhstan, Almaty,
e-mail: kmdbbeibit@mail.ru

³L.N. Gurmilev Eurasian national university, Kazakhstan, Astana

Entry of Kazakhs into the Orenburg Muftiyat and development of Muslim management system

This article analyzes the Orenburg Muftiyat's activity, which is based by the tsarist Russia in the period between the end of XVIII century and the middle of XIX. This period has a great importance and role in analyzing the Muslim management in the territory of Kazakhstan. In this period, there was a lot of socio-political changes. The Orenburg Muftiyat was a main structure, which had to ensure that all changes implemented by the tsarist authority are executed. Despite a huge role of the Orenburg Muftiyat, there was a few researches dedicated to its activity in the context of socio-political changes in the Kazakh society.

In researching this topic, some reasons behind establishing the Orenburg Muftiyat by the tsarist authority have been pointed. Investigating the Orenburg Muftiyat's activity, the author demonstrates how Muslim nations, particularly Kazakhs, have adopted step-by-step to the system of administrative management of Russian Empire. Thanks to historico-logical method, the positive and negative factors of model of Muslim management system in the tsarist Russian, which influenced the Kazakh society, has

been considered. It has been proved that the requirements of selection of clergy by the Muftiyat, stipulated by the tsarist authority, had a positive influence on the development of Hanafi school in the Kazakh society. However, it should be noticed, that the authority in some degree has restricted the activity of some clergies. Despite a fact that the Russian Empire has paid a lot of attention to Orthodox Christianity, it also has developed the system of Muslim management. As a result, adoption of Muslims, subordinated to the Empire, to the secular system of management has been increased. There is a need of a comprehensive study of this topic and a need to qualify the terminology this regard.

Key words: Orenburg Muftiyat, Islam, tsarist Russia, clergy, mufti.

Мирзагелдиев Б.А.¹, Керим Ш.Т.², Рашимбетов Р.Т.³

^{1,2}Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Казахстан, г. Алматы,
e-mail: kmdbbeibit@mail.ru

³Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

Вхождение казахов в Оренбургский муфтият и развитие системы мусульманского управления

В данной статье рассматривается деятельность Оренбургского муфтията, основанного царской Россией, в период с конца XVIII века и до середины XIX века. Значение и роль данного периода являются очень важными, особенно при изучении духовного управления мусульман на территории Казахстана. В данный период произошло много социально-политических изменений. Оренбургский муфтият являлся основной структурой, чья роль заключалась в воздействии на конструктивное отношение местного населения к изменениям, производимым царской властью. Несмотря на столь огромное значение Оренбургского муфтията, было произведено мало исследований относительно его деятельности в рамках социально-политических изменений в казахском обществе.

При исследовании данной темы были определены основные причины, являющиеся основанием для образования Оренбургского муфтията царской властью. Изучая деятельность Оренбургского муфтията, авторы показывают, как народы, исповедующие ислам, особенно казахи, поэтапно адаптировались к системе административного управления Российской империи. С помощью историко-логического метода были рассмотрены положительные и отрицательные факторы, модели мусульманской системы управления в царской России, воздействовавшей на казахское общество. Было доказано, что требование отбора религиозных кадров в муфтият, предусмотренные царской властью, имели положительное влияние на развитие ханафитского мазхаба в казахском обществе. Однако стоит учитывать, что со стороны власти были некоторые ограничения на деятельность некоторых религиозных деятелей. Несмотря на то, что Российская империя уделяла большое внимание православию, она также развивала систему духовного управления мусульман. В итоге, усилилась адаптация мусульман, подчиненных империи и к светской системе управления.

Ключевые слова: Оренбургский муфтият, ислам, царская Россия, священнослужитель, муфтий.

Кіріспе

Қай заманда болмасын діни құндылықтардың сақталып, діннің заман ағымына сай жаңғырып отыруына дін ғұламалары мен дін қызметкерлерінің тигізген үлесі зор болған. Қазақ халқы дін қайраткерлерінің мұндай еңбегін жоғары бағалап, оларды қоғамның беделді, зиялы қауымы ретінде қабылдаған. Дін қайраткерлері тек дін саласында ғана емес, қоғамның басқа да салаларында ықпалды тұлға. Сондықтан қандай саяси билік болмасын дін қызметкерлерінің әрекетін назардан тыс қалдырмаған. Дін саласын бақылауда ұстап, оны басқару жүйесін дамытуға тырысқан. Мұның бір мысалы ретінде Патшалы Ресейдің дін саласындағы саясатын алсақ болады.

Отаршыл патша билігі өзіне бағынышты елдердің әлеуметтік-саяси мәселерімен қоса дін саласында өз бақылауына алады. Империяның дін саласын реттеуге тырысуы отарға айналған халықтардың рухани жүйесіне елеулі әсерін тигізді. Нәтижесі қазақ қоғамындағы ислами институттар қызметінің біршама өзгеріске ұшырауына алып келді. Бұл үрдіс әсіресе XVIII ғасырдың аяғында Ресей империясының өзіне бағынышты мұсылмандарға христиан дінін ұстануды мәжбүрлі түрде жүргізуді бәсеңдетіп, ислами институттардың ресми жұмыс жасау мүмкіндіктерін кеңейту арқылы бақылауды қолға алуы арқылы көрініс тапты. Өз кезегінде бұл мұсылмандық басқару институтының құрылымы мен қызметін империяның саяси және әкімшілік басқару жүйесіне бейімделуіне мүмкіндік берді.

Патша өкіметінің ислами институттардың қызметін қолға алып, ресми түрде бақылауды күшейтуін Орынбор мүфтилігін құрып, оның қазақ даласындағы қызметіне өз тарапынан көмек беруінен айқын көруге болады.

Осман империясымен арақатынасының шиеленісуі еді. Екі алып империя арасында қарулы қақтығыспен қоса идеологиялық текетірес жүріп жатты. Османдық империядан келген уағызшылар патшалы Ресейге шекаралас Бұхаралық және Хиуалық мұсылмандар мен бодандықтағы Қазақ, Татар, Башқұрт халықтары арасында мұсылмандардың бірлігін уағыздап, өзге дін өкілдеріне бағынбауы жолында үндеу жұмыстарын жасайды. Ондағы мақсат Осман империясын мұсылмандардың қамқоршысы, ал Ресей империясын мұсылмандарға шын жанашыр емес екендігін таныту еді.

– Ресей және Орта Азия аумағындағы мұсылмандар арасында патша өкіметіне қарсы көңіл-күйдің артуына исламның бес парызының бірі қажылықты орындаушылардың ықпалы да болды. Олар қажылық жасау барысында мұсылмандар үшін қасиетті мекен Мекке мен Мадина және тағы басқа Осман империясының қарамағына қарайтын қалаларды басып өтетін. Қажылық жасаушылардың мұсылман елдерінің тыныс-тіршілігімен жақын танысып, дүниенің әр елінен келген мұсылмандармен бірге діни рәсімдерді орындауы мен түрлі уағыз-насихаттарға қатысуы – олардың діни негіздегі бауырластықтарының артуына әсер етті. Зерттеуші Д.А. Алиева (Алиева, 2014: 103) В.В. Бартольдқа сілтеме жасай отырып, Ресей империясындағы мұсылман қауымының дамуын екі кезеңге бөліп, 1552-1789 жылдар аралығын қамтитын бірінші кезеңде Ресей империясына бағынышты мұсылмандардың жағдайы Осман империясындағы христиандардың жағдайынан әлдеқайда ауыр болғандығын айтады. Сондықтан әлемді шарлап, өз ахуалдарын өзге елдермен салыстырып қайтқан қажылардың Ресей империясының мұсылмандарға деген қатынасында айыптаушылық пікірлерінің қалыптасуы қалыпты жағдай деп айтсақ болады. Ал Осман империясының қасиетті мекендерге билік жүргізіп, өз қамқорлығына алуы әлем мұсылмандарының Осман империясы жайлы жағымды пікірде болуына әсер етті. Османдықтар мұсылман халықтарының Ислам дінін ұстанбайтын отаршыл еуропа елдерінің жаулап алушылық әрекеттерінен арашалайтын жалғыз күш ретінде қабылданды. Орта Азиядағы ресей саясатын зерттеуші А.А. Са-

лиев (Салиев, 2017: 75) Ресей зерттеушісі В.П. Литвиновқа сілтеме жасай отырып, «Жыл сайын он мыңдаған мұсылман осы түрік билігіне қарасты қасиетті орындарға қажылыққа барды. Орталық Азиядағы мұсылмандардың ешқандай ерекшелігі болған жоқ, дегенмен, Ресейге кіргенге дейін және бұл аймақта теміржолдар салынғанға дейін аймақта аз ғана адам қажылықты орындады. Осылайша, Орта Азиядағы ислам дінін ұстаушылардың қажылығы Османдық империяның геосаясатындағы діни фактордың өсуіне себеп болды» –деп жазады. Сондықтан Осман империясы Хиджаз аумағын өз қарамағынан шығарып алмауға тырысты. Ол жайында (Салиев, 2017: 75) А. Петерсен: «Осман империясының көптеген аумақтарды басып алып, олардың көп бөлігінен айрылып қалса да, Осман билігі Хиджазды қолдан шығармады» – деп айтады;

– патша билігі шекаралас Бұхара, Хиуа хандықтарымен дипломатиялық қарым-қатынасы аса жақсы емес еді. Олар да Ресей Империясының біртіндеп оңтүстікке қарай кеңейіп, бекіністер санын арттырып, өздеріне қарай жақындап келе жатқандығын білетін. Қазақ даласындағы Ресей билігінің мұсылмандық саясатын зерттеуші И.А. Речкина (Речкина, 2006: 80) қазақ даласында аталмыш Орта Азиялық ислами орындарында білім алған уағызшылардың саны басым екендігін алға тартады. Ал олардың уағыз-насихаты көп жағдайда антиимпериялық сарында болды;

– империяға бағынышты мұсылман халықтары арасында оппозициялық көзқарасын таратып жүрген «заңсыз» уағызшылар белсенділігі байқалатын. Олардың көбісі мұсылман елдерінің өзге дін ұстанатын елге бодан болмауына шақыратын. Мысалы, Орал өңірінен қашып келген татар Хасан молда мен оған ерген шәкірттері билікті айыптайтын үгіт-насихаттарын қазақ ақсүйектері арасында таратып, империя саясатына қарсы көзқарас қалыптастыруға тырысқан (Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы, 110-п.);

– Орынбор өлкесінде уағыз-насихат айтып халық арасын аралап жүретін көшпелі молдалар болған. Өлке әкімшілігі мұндай молдаларды толық бақылауға алу қиын және олардың саяси биліктің алдында ешқандай жауапкершілігі жоқ екендігін алға тартып, мұндай молдалардың қызметін бақылау жүйесін дамыту қажеттілігін айтады. Ол жайында Ф.А. Адилова «Қазақ қоғамының саяси өміріндегі Орынбор мүфтилігінің орны мен қызметі» атты еңбегінде (Адилова, 2010: 20): «Генерал-

губернатордың хабарламасында «қаңғыбастар» деп аталған көшпенді молдалар мемлекетке шынайы қауіп төндіруші элементтер екені, ал үкімет дін бостандығын жариялай отырып, мұсылман дінбасылары секілді ықпалды әлеуметтік топтың іс-әрекетін ескерусіз қалдырғаны жайлы баяндалады» – деп көрсетеді;

– империя құрамына жаңа аумақтардың қосылуы нәтижесінде мұсылмандардың саны айтарлықтай өскен еді. Олардың ұлты әртүрлі болғанымен діндері ислам болатын. Сондықтан олардың діни негізде бірігушілік мүмкіндіктері арта түседі. Империя аумағында мұсылмандар үлкен күшке ие болады. Мұндай жағдайда, патша билігі өзіне бағынышты мұсылмандармен ортақ тіл табысудың маңыздылығын сезінді. Алайда, биліктің ескі саясаты бұл мәселені іске асыруға жарамсыз еді;

– Қазақтардың Ресейдің әкімшіл жүйесіне бейімделуі қиын болды. Сондықтан патшалық Ресейдің шенеуліктері мен офицерлері жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас жасауда үлкен қиыншылықтар туындайды. Оның бірнеше себептері болды. Ең алдымен қазақтар арасында орыс тілін еркін меңгерген адамдар аз еді. Сонымен қатар қазақтар өзге дін өкілі болған орыстарға бағынуға бірден дағдылана алмады. Сондықтан қазақтарды империяның әкімшіл жүйесіне бейімдейтін құрылымның қажеттелігі сезілді.

Аталмыш себептердің салдары Ресей империясына бағынышты және шекаралас жатқан елдердегі мұсылмандар арасында Патша билігіне деген наразылық көңіл-күйді күшейте бастайды. Бұл жағдайдан билік басындағылар хабарсыз емес-ті. XVIII ғасырдың бірінші жартысында мұсылман халықтар мекендейтін аумақтар патша әкімшілігі тарапынан сепаратизмнің әлеуетті көзі деп саналды. Сондықтан мұсылмандарды мемлекеттік жүйеге тартып, оларды тиімді басқару үшін тетіктер қалыптастыру қажет деп білді. Бұл бағыттағы алғашқы қадам Шариғат соттарының қызметін реттеу мен діни қызметкерлерді бақылау жүйесін жетілдіруді қолға алу арқылы жасалды. 1736 жылы патшайым Анна Иоанновнаның жарлығымен жоғары шенді мұсылман дінбасылары жергілікті әкімшіліктің бақылауына беріледі. Ал патшайым Екатерина II кезінде патша өкіметінің дін саласындағы саясатында түбегейлі өзгерістер орын алып, көптеген құрылымдар осы салаға жұмылдырылды. 1764 жылы 1740 жылдан бері орыс емес ұлттарды шоқындырумен айналысып келген құрылым «Новокрещенская контора» та-

ратылды (Hristoforova, 2017: 126). 1773 жылғы 17 маусымда патшайымның «Барлық діндерге төзімділік туралы» жарлығы шықты. Жарлықта (ПСЗ-І, №13996) патшайым «Жаратаушы Құдай барлық сенімге, яғни, тілдер мен діндерге төзімділік танытып тұрса, олай болса Ұлы мәртебелі (яғни, патшайым) де ... өз халқының арасында тек қана әрқашан сүйіспеншілік пен келісім салтанат құрғанын қалайды» – деу арқылы империя аумағындағы орыс православ шіркеуінен басқа діндердің құқықтық статусын мойындайтындығын көрсетті. Аталмыш діндерге төзімділік туралы жарлықтың шығуы орыс емес ұлттарды мәжбүрлі түрде шоқындыру әрекеттерін бәсеңдетті. 1785 жылы патшайым Екатерина II Уфа және Сібір губернаторы Барон Игельстромға қазақ даласына мұсылмандық оқу орнымен қоса 500 орындық мешіт салуды тапсырды (Махмутов, 2017: 114). Патшайым Екатерина II әкімшілігі бұдан әрі исламдық институттар қызметін реттеуде солқылдақ саясат жарамайтындығын түсінеді. Сондықтан биліктің ең қатты мән берген ісі империя саясатын мойындайтын мұсылмандық басқару институтын жетілдіру болды. Ондай діни басқарманы құру туралы ұсынысты (Загидуллин, 2011: 4-5) ең алғаш Уфа наместнигінің кеңесшісі Д.Б. Мертваго мен Уфа және Симбирск наместнигі барон О.А. Игельстром айтты. 1787 жылы аталмыш ұсыныс Сенатқа өтіп қолдау табады. 1788 жылдың 22 қыркүйегінде патшайым II Екатеринаның Орынбор мүфтилігін құру туралы жарлығы шығады (ПСЗ-І, №16710). Жарлық бойынша қазақ халқының діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылды. Мүфтиліктің ресми атауы «Оренбургское магометанское духовное собрание» деп аталды. 1789 жылдың 4 желтоқсанында Уфада мүфтиліктің ресми ашылу салтанаты өткізілді. 1788 жылдың 22 қыркүйегінде мүфтиліктің алғашқы мүфтиі Мұхаметжан Хүсейінов тағайындалады (Абдрахманов, 2017: 235). Мүфтилік құрылғанға дейін ол – өлкенің бас ахуны қызметін атқарған. Мұхаметжан Хүсейіновтың мүфти болып тағайындалуы кездейсоқтық емес. Ол діни басқарма құрылмай тұрып-ақ патша өкіметіне адал екендігін бірнеше рет дәлелдеген. Әсіресе, оның қазақ даласындағы старшындармен, Сырым Датұлымен келіссөздер жүргізуі, кейін тұтқынға түскен орыс сарбаздарын босатып алуы және т.б. қызметі патшайым алдында жоғары бағаланған-ды. Мұхаметжан Хүсейінов өзінің шешендігі және мол сыйсыяпат беруі арқылы бірнеше қазақ рулары мен старшындарын империя қамқорлығына иланды-

рып, империяға адал болуға шақырады. Өзінің дипломатиялық шеберлігі арқасында қазақ рулары арасында беделге ие болып, патша билігінің ықпалын аттыруға күш салады.

Діни басқарма қызметінің тұрақты түрде жалғасуы үшін патша билігі бас мүфтиге 1500 сом және мүфтиліктің кеңсе қызметкерлері мен шығынына жыл сайын 900 сом жалақы тағайындады (Жораева, 2008: 185). Атап айтқанда, хатшы Петр Атаевқа 250 сом, аудармашы Лаврентий Мещеряковскийге 120 сом, тіркеуші Никита Пилецкийге 100 сом, кеңсе қызметшісіне 80 сом, екі кіші кеңсе қызметшісінің әрқайсысына 50 сомнан – 100 сом, екі көшірмешінің әрқайсысына 40 сомнан – 80 сом, күзетшіге 20 сом, кеңсе шығынына – 150 сом бөлінді (Загидуллин, 2011: 188-189). Мұсылман дін басыларына қаржы бөлудегі мақсаты жайында О.А. Игельстромның патшайым II Екатеринаға жазған хатында былайша айтылады: «Әрине, бұл аз шығын, бірақ өз пайдасын береді. Себебі, мұндағы ислам дінін тұтынушы халықтар Сіздің тарапыңыздан жасалған қамқорлықты ескеріп, олардың Сізге деген қошеметі күшейе түседі» (Адилова, 2010: 21).

Патша билігі дін қызметкерлерін жоғарғы және төменгі дәрежедегі деп екіге бөліп қарады. Жоғарғы дәрежеге бас мүфти мен одан кейінгі тұратын бас ахундар мен қазылар кірді. Оларға билік өз тарапынан жалақы тағайындады. Тіпті, бас мүфтиге өз мирасы ретінде қалдыру құқығымен жер сатып алуға рұқсат етілді. Ал төменгі дәрежедегі дін қызметкерлеріне мүфтилікке бағынышты шені төмен молдалар мен мешіт азаншылары (муэдзин) кірді. Олардың тұрақты жалақысы болмады. Сондықтан шені төмен дін қызметкерлерін сайлау барысында жергілікті тұрғындар жалақы мәселесін талқылауға салып, қаржы көздерін іздестіретін. Тұрақты қаржылай көмектің болмауынан мешіттер мен дін қызметкерлерін ұстап тұру үшін мұсылман тұрғындардың берген зекеттерінен, садақаларынан, пітір садақаларынан және ұшрдан түскен ақша мен заттарды пайдалану әдетке айнала бастады. Ресей империясындағы мұсылман мәдениетін зерттеген И.А. Ермаков (Ермаков, 2001: 291-292) құрбан және ораза айттары кезінде халық дінбасшыларға азық-түлік немесе ақшалай сыйлықтар беретіндігін келтіреді. Патша билігі төменгі шенді дін қызметкерлеріне қаржылай көмек бермегенімен, билік мүддесіне сай қызмет еткендеріне түрлі марапаттаулар мен медалдар беріп, кейбірінің лауазымын жоғарылататын. Ондағы мақсат билікті қолдайтын мұсылмандардың болашағын

жарқын қылып көрсету, сол арқылы билікке оң көзқарас білдіретін дін қызметкерлерін ынталандыру еді.

О.А. Игельстром «Правила для наблюдения и исполнения духовному магометанского закона собранию в губернском городе уфе, по высочайшему ее императорского величества соизволению учрежденному» атты мүфтилік қызметін бақылау туралы құжатты бекітті (Гаврилов). Аталмыш құжаттың төртінші, бесінші және алтыншы тарауларында мүфтиліктің лауазымды қызметкерлерді қабылдау тәртібі көрсетілді. Дін қызметкері болу үшін үміткерді ең алдымен жергілікті тұрғындардың сайлауы қажет. Содан соң сайлау қорытындысы жергілікті земство бақылаушысы немесе жергілікті кантон бастығына жеткізіледі. Жергілікті билеуші сайлаудың қаншалықты дұрыс өткізілгендігін қарап, қарсылығы болмаған жағдайда үміткерді емтихан тапсыру үшін діни басқармаға жолдайды. Емтиханға патша әкімдігінен екі адам қатысуы тиіс. Оларға үміткерлерден қандайда бір кінәрат табылса, діни басқарма шешімімен келіспеуге және оны өзгертулеріне құқық берілді. Сынақтан сәтті өткен үміткердің лауазымы губерния басшысының бұйрығымен бекітілді (Юнусова, 2013: 17-18).

Діни лауазымға өту сынағында патша әкімшілігі тарапынан қойылған талаптардың көбі үміткерлердің әкімшіл жүйеге бейімділігі мен оның саяси көзқарасына қатысты болды. Ал үміткердің діни білімін сынау Орынбор діни басқармасының үлесіне тиді. Губерниялық немесе облыстық басқармалардан молдалыққа, медресе ұстаздығына үміткерлер діни басқармаға келіп емтихан тапсыратын. Кейде өзінің біліктілігін дәлелдеп, сол арқылы ел арасында рухани беделін арттыру үшін де көп мұсылмандар өз еркімен келіп емтихан тапсыруға өтініш білдіретін. Сынақ тапсыру үшін үміткер дәріс алған ұстазынан діни білімінің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін мінездеме құжат өткізу керек болды. Діни басқарма діни лауазымға өту дәрежесіне қарай арнайы сынақ сұрақтарын әзірледі. Зерттеуші Д.Н. Денисов діни лауазымға тағайындау үшін діни басқарма тарапына қойылатын талаптардың бірнешеуін атап көрсетеді. Азаншы болуға үміткерге (Денисов, 2012: 142) мынадай талап қойды:

– азан шақыра алуы, азан дұғасын жатқа білуі және намаздың басталғанын білдіріп, ескертетін «камат» дұғасын жатқа айту;

– иман шарттары баяндалатын «Әмәнту биллаһ» дұғасын айтып, мағынасын түсіндіру;

– Алланың бірлігі «таухидтің» мәні мен Алланың сипаттарын білу. Мұхаммед пайғамбар Алланың елшісі екендігін айғақтайтын дәлелдемелер келтіру және оның қысқаша өмірбаянын білу;

– мұсылмандар күнтізбесін білуі, ай аттарын және діни мерекелерді білуі;

– дұрыс дәрет алу және намаз оқи білуі, күнделікті бес уақыт намаздың, жұма намазының, діни мерекелік намаздардың уақыттарын білуі;

– ораза ұсталатын уақыттарды білуі және ораза бұзылған жағдайда қолданылатын шараларды білуі, таңғы сәресі және кешкі ауыз ашар уақытын білуі;

– жаназа рәсімдерін білу – қайтыс болған адамды жуындыруды және кебіндеуді, жаназасын шығара білуі, жерлеу шарттарын білуі;

– Құранның аяттарын оқи алуы, көбінесе «Ясин» сүресінен оқуы керек еді.

Молда мен ұстаз лауазымын иеленген дін қызметкерлеріне жүктелетін жауапкершілік ауыр еді. Сондықтан діни мекемеде ұстаз немесе мешітте имам болуы үшін үміткерге азаншыға қарағанда тереңірек білімі болуы талап етілді. Атап айтқанда:

– иман шарттары баяндалатын «Әмәнту биллах» дұғасын айтып, мағынасын түсіндіру;

– Алланың бар екендігін және оның жалғыз екендігіне ислам шариғатына қатысты жазылған кітаптардан және Құраннан нақты дәйектермен дәлелдеп көрсетуі;

– Мұхаммед пайғамбар Алланың елшісі екендігін айғақтайтын дәлелдемелер келтіру және оның қысқаша өмірбаяны мен оның мұғжизаларын білуі;

– Сүнниттік бағыттағы Ханафи, Шафиғи, Мәлики, Ханбали құқықтық төрт мазһабының ерекшеліктерін ажырата білу;

– бес уақыт намаздың пайдасы мен жаратушы алдындағы міндеттілігін қисынды оймен жамағатқа түсіндіріп, санасына сіңдіре білуі;

– намаз шарттарын білуі: намаздың міндетті әрекеттері «фард әс-салат» пен «уаджиб әс-салатты» және намазды бұзатын әрекет «муфсид әс-салатты» білуі керек. Мұны білген дін қызметкері намаздың қандай жағдайда шариғатқа сай немесе сай емес екендігін ажырата алады;

– жұма намазының және мерекелік айт намаздарының оқылу ретін, уақытын, тәртібін білуі;

– бес парыздың мәні мен мақсатын, қайсысы кімге міндетті, шариғат бойынша адам парыздарды орындаудан қандай жағдайда босатылатындығын білу;

– неке қию және оның шарттарын білу және неке бұзылған жағдайдағы зардаптарын жұптарға жеткізе білу, сол арқылы жұбайлардың некелерінің сақталуына шариғат тұрғысынан оң ықпал ету;

– араб тілінің морфологиясы «сарф» пен синтаксисі «наху» іліміне қатысты бірқатар сұрақтарға жауап бере алатындай болу, өйткені ислам дінінің негізгі әдебиеттері араб тілінде жазылған. Араб тілінің аталмыш салаларын меңгерген имам немесе ұстаз шариғат мәтіндерін түсініп, оны жамағатқа түсіндіре алатындай дәрежеге жетеді:

– ханафи мазһабының үкімдері жазылған орта ғасырдың атақты ғалымы Убайдулла ибн Мас'удтың «Мұхтасар әл-уқоя» кітабын оқып, мағынасын түсіндіре білуі;

– фикһ іліміндегі мирас бабын білу;

– тәджуид ілімін меңгеру – яғни, Құранды араб тілінде орфоэпиялық тұрғыдан дұрыс оқи білуі керек.

Медресе меңгерушісі немесе бас имам лауазымын алушыларға діни ілімді терең игеріп, араб тілін жетік меңгеру қажет еді. Оларға сынақ ретінде қиын мәтіндерді аудару және түсіндіру жүктелді. Мәселен, сүнниттік бағыттағы хадис мәтіндері арасында ең танымал «кітаб әс-ситта» атты жеті жинақтың бірі Мұхаммед әл-Бұхаридың «әл-Жами' әс-Сахих» жинағын, Бұрхануддин әл-Маргинанидың «әл-Хидая» кітабынан сұрақтар келуі мүмкін еді. Жалпы жоғарыда айтылған «Мұхтасар әл-уқоя», «әл-Хидая» сынды жинақтар мұсылман әлемінде ең танымал фикһ кітаптарының қатарына кіреді. Түркі жұрты үшін де бұл кітаптардың орны ерекше. Өйткені бұл екі кітаптағы пәтуалар түркі халықтарының салт-санасымен үйлесімді. Сондықтан болар аталмыш кітаптарды бүкіл Орта Азия мұсылмандары XIV ғасырдың алғашқы ширегінен бастап, әлі күнге дейін қолданады. Осы тұста патшалы ресей билігі орнаса да мұсылмандар ханафи мазһабының классикалық әдебиеттерінен қол үзбегендігін көреміз.

Егер сынық облыстық немесе губерниялық басқарманың сұранымымен өткізілген болса діни кеңес сынық нәтижелері басқармаға жолданып отырды. Талапкерлерге діни білімі және шені туралы анықтама қағаздарын берді. Осылайша патша билігі діни басқарманың кадрларын толық бақылауда ұстауға тырысты. Халық аузындағы «указной молда» деген тіркес осы жоғары жақтан «указбен» бекітілген молдаларға қатысты айтылған. Молдалар мен мешіттердегі

діни қызметкерлердің үстінен ахундар қарады. Мұсылмандар тұратын уездердің әрқайсысына екі ахуннан белгіленді. Әрбір 100 үйден асқан қонысқа бір мешіт салуға рұқсат етілді. Мүфти және өзге де діни лауазымдарға үміткерлер мұсылман қауыммен сайланып, мүфти, жоғарғы билік болып табылатын ішкі істер министрінің ұсынысымен тағайындалса, өзге діни қызметкерлерді тағайындау жергілікті билік құзырына берілді. Мүфтилік лауазымының қызмет мерзіміне шектеу қойылған жоқ. Мүфтиден басқа діни қызметкерлердің әрқайсысы 3 жылға сайланып отырды.

Діни басқарманың діни жиналыстарындағы жазбаларының бәрі, патша билігіне бағынышты басқа мемлекеттік мекемелердегі секілді орысша жазылуы міндеттелді. Орысша жазылғаннан кейін ғана, татар тіліне аударылып отырды. Молда, ахун немесе өзге де діни қызметкер болғысы келген адамдарға арналған сынақтар алдымен татарша жазылып, кейіннен орысшаға аударылды. Діни басқармадан мемлекеттік мекемелерге жіберілетін құжаттар тек орыс тілінде, ал мемлекеттік мекемелерден діни басқармаға құжаттар орыс тілінде жіберіліп, татар тіліне аударылатын. Осылайша діни басқарманың қызметі қазақ даласындағы орыс және татар тілінің қолданысының артуына ықпалын тигізді.

1802 жылдың 15 шілдесінде сенаттың Діни басқарма мүшелері арасында дау-дамай туындаған жағдайдағы ахуалды шешу тәртібі жайлы қаулысы шықты. Ол бойынша бір мәселеде шешім діни басқарма мүшелерінің қатысуымен дауысқа салынып, даусы басым болған шешім қабылдануы тиіс деп табылды. Ал, егер екі жақтың даусы тең түссе лауазымды қызметкерлердің даусы басымдылыққа ие болады. Сонымен қатар бас мүфти сырқаттанып немесе басқа да себептермен жұмыста болмаған жағдайда орнына діни басқарманың одан кейінгі лауазымды мүшесі уақытша мүфти міндетін атқарады. Мүфтидің орнын басатын аталмыш лауазым иесі діни басқарма мүшелерімен алдын ала сайланатын болған [17].

Ресей империясының ықпалымен қазақ өлкесіндегі діни іс-шараларды жүргізу татар діндарларының үлесіне тиді. Татар дін қызметкерлері Қарғалы слободасының Сейіт ауылында даярланды. Ахун шенін алуға үміткерлердің сынағы осы Қарғалыда өткізілетін. Орынбор діни басқармасының мүфтилері мен молдалары да татар дінбасыларынан таңдалып қойылды. Мысалы, Орал өңірінде тұратын Кіші жүз қазақтарына қазандық татар Мұхамеджан

Қазиев қазы болса, ал Бөкей Ордасына 1802 ж. Жүсіп Махмұтов тағайындалған. Биліктің қазақтардың дін саласына татар молдаларын таңдауы тегін емес-ті. Ол жайында 1788 жылдың 22 қыркүйегіндегі № 16710 жарлығында II Екатерина генерал-губернаторға Діни басқарма құрамына алынатын кадрларды билікке адал, өзін жақсы жағынан таныта білген татар молдаларын таңдап алуды тапсырған. О.А. Игельстром патшайымның бұл тапсырмасын өзі құрастырған мүфтилік қызметін бақылау туралы құжаттың бірінші тармағына кіргізіп, діни басқарма қызметкерлерін татар діндарларымен толықтырды. 1770 жылы 29 шілдесінде Сенат «Орынбор губерниясында аудармашылар мен тілмаштардың болуы туралы» қаулыны бекітіп, татарларды тілмаш қызметіне тарту қолға алынады (ПСЗ-1. № 13489) Татар халқы Ресей империясының бодандығына қазақтарға қарағанда ерте түскен. Сондықтан татарлар патша өкіметінің әкімшіл саясатын жақсы түсінетін. Зерттеуші Н. В. Крайсман (Крайсман) татарлар арасынан патша саясатын жүзеге асыруда билікке жақсы қырынан көрінген және орыс тілін еркін меңгерген адамдар жеткілікті болғандығын алға тартады. Сол себепті патша әкімшілігі орыс тілін білетін, ислам шарифатымен таныс татарларды қазақтардың арасына молда, ұстаз, тілмаш тіпті, агент ретінде пайдалану туралы шешім қабылдап, солар арқылы қазақтарды патшалы Ресейдің әкімшілік жүйесіне бейімдеуге тырысты. Бұл жайында Орынбор генерал-губернаторы: «Қырғыз молдаларының әртүрлі түрлерін жеткізу елеулі пайда әкелуі мүмкін, неге, Қазан татарларынан сенімді адамдарды талап етіп, қырғыз халқына бізге адал болу керектігі туралы қажетті нұсқаулар берді» делінген (Асанова).

О.А. Игельстром бекіткен мүфтилік қызметін бақылау туралы құжаттың екінші және үшінші тармағында діни басқарма жергілікті басқармаға бағынысты және орта деңгейлі сот органымен тең деп көрсетілді. Бірақ, діни басқармаға ешқандай істе – дүре соғу, өлім жазасына кесу секілді жазалау үкімдерін шығару құқығы берілмеді. Жергілікті бақылауды қамтамасыз ету үшін Діни басқарманың қызметін құрылғаннан 1796 жылға дейін Уфа жергілікті иелік ету басқармасы қадағалады. Одан кейін 1796-1865 жыл аралығында Орынбор губерниялық басқармасының бақылауында болды (Адилова, 2010: 27). Ал мүфтиліктің қызметін жоғарғы мемлекеттік мекеме тарапынан бақылауды қамтамасыз ету үшін Діни басқарма 1803 жылы Қасиетті синод обер-прокуроры, А.И. Голи-

цынге, 1810 жылдың 25 шілдесінде Шетелдік діндердің рухани істері бас басқармасына, 1817 жылы 24 қазаннан бастап Дін істері және халықты ағарту министрлігіне қаратылды. Аталмыш министрлікте Діни басқарма қызметімен дін мәселелерімен христиандық емес діндердің 4-бөлімі шұғылданды.

1800 жылы 15 желтоқсанда империя аумағында ислам діні әдебиеттерін басып шығаруға рұқсат берілді. Соның негізінде Қазан қаласында 1802 жылы исламдық әдебиеттерді шығаратын баспахана ашылды. Аталмыш баспа орнынан мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранның 3500 данасы басылып шығарылды (Резван, 2014: 20). 1805 жылы баспадан 11 000 мың дана «иман шарт» кітабын шығарды (Кемпер, 2008: 81). Яғни, империя өзіне ислами әдебиеттерді өз аумағында шығарып, оның таралымын да бақылауға алуды мақсат етеді.

Орынбор мұсылмандары діни басқармасы ислам дініне қатысты рәсімдерді өткізуге және мұсылмандардың діни қажеттілігінен туындаған мәселелерге араласуға құқылы болды. ОМДБ-ның нақты функциясы жайлы Ш. Марджани: «Өлке аумағындағы мұсылмандарға діни-рухани істеріне қатысты дұрыс немесе бұрыс екендігіне пәтуа шығару; шариғат ісі бойынша ахун, мухтасиб, мударрис, хатып, имам және азаншы қызметіне тағайындалатын адамнан ғылым, тәжірибе және ахлақ бойынша емтихан алу; мешіт соғу және жөндеу жұмыстарына рұқсат беру; шариғат бойынша мүлікті бөлу (мирас мәселесі)» деп жазса, ОМДБ қазысы қызметін атқарған Риза Фахрединнің айтуынша: «Шығыс исламды Ресейге деген сүйіспеншілігін арттыру, Ресейге бағынышты ресми статусы жоқ ғұламаларды ықпалын әлсірету, Еділ және Орал аумағында исламды ресми дін ретінде танытып, мектеп пен медреселерді көбейту» деп айтып өтеді (Хабутдинов, 2010: 100). Жалпы ОМДБ-ның басшылық қызметінде болған осы екі танымал тұлғалардың жазбасы мен өзге де дереккөздерге қарап ОМДБ мынадай міндеттерді атқарды деп айта аламыз:

– діни лауазымға үміткер адамды сынақтан өткізуді ұйымдастыру;

– молдалардың және басқа да діни қызметкерлердің діни міндеттерін атқару сапасын бақылау және міндеттерін дұрыс орындамай, тәртіп бұзған жағдайда жазаға тарту;

– мешіттердің салынуын қадағалау және оларға діни қызметкерлерді тағайындау. Орынбор мүфтилігі құрылмай тұрып мешіт ісі және

дін қызметкерлерін тағайындау міндеті өлкенің бас ахуының құзырында болған;

– Діни басқарма қызметкерлерінің діни рәсімдерді өткізуіне қатысты халықтың шағымдарын қарау. Олардың қатарында неке кию мен ажырасу, мирас, мұрагерлік мәселелеріне қатысты дау-дамайларды шешу, ата-ана мен баланың қатынасы, ерлі-зайыптылардың бір-бірлеріне опасыздығы мәселесі кіреді;

– қайырымдылық іс-шараларының өткізілуін қадағалау;

– мерзімдік және діни әдебиеттерді басып шығару;

– медресе мен мектептердің ісін реттеу;

– өлке аумағындағы мұсылмандар арасында пайда болған мәселелер бойынша пәтуалар шығару;

– тіркеу ісін бақылау – 1828 жылдың 21 қыркүйегінде Орынбор өлкесінің Діни басқармасына министрлер комитеті тіркеу кітапшасын енгізу туралы ережені қабылдады. Ол бойынша әр жылдың басында Діни басқарма губерния басшылығы арқылы приход молдаларына көбейтіп баспадан шығару үшін екі тікпелі кітаптан жолдайды. Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде өмірге келген сәбилердің туу уақыты мен ата-аналарының аты-жөні жазылады. Екінші бөлімде өмірден қайтқан мұсылмандар жайлы мәліметтер қамтылады. Үшіншісінде некеге тұрғандар мен олардың ата-аналарының және куәгерлердің аттары, неке кию уақыты мен неке шарттары, неке қиған қызметкердің аты, сонымен қатар ажырасушы жұптарға қатысты мерзімі, аты-жөні, не себептен айрылысып жатқандығы туралы мәліметтер жазылады. Алғашында патша билігі тіркеу кітаптарын басып шығару үшін қазынадан 700 сом қаржы бөледі (Касимов) Ал кітап дайындау үшін молдалардан қаржы жинау ең алғаш 1829 жылы басталып, аталмыш жылы әр приходтан 50 тиын, ал 1878 жылы 25 тиын күмістен жинау белгіленді. Тіркеу кітаптары молда орыс тілін білмеген жағдайда татар тілінде жүргізілді. Жыл аяқталғанда молдалар тіркеу кітаптарын өзіне қалдырып, екінші көшірмесін келер жылдың ақпан айынан кешіктірілместен уез басшылығына Діни басқармаға жолдау үшін тапсырады. Осылайша қазақтардың туылуынан өмірден өтуіне дейінгі діни рәсімдер туралы мәліметтер қағаз бетіне түсіріліп, биліктің бақылауы қатандай бастады. Өз кезегінде бұл қазақ даласына патшалы Ресейдің әкімшіл басқару жүйесінің енуін тездетті.

Әкімшіл мұсылмандық басқару жүйесі енген соң, қазақ қоғамындағы туындаған мәселелерді

шешуде ислам шарифатының үлесі артады. Бұл жайында Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінің №11 санында «Қазақта мүфтилік мәселесі» атты (Бөкейхан, 2016: 140) мақаласында: «...Ыбырай Жайықбаев Жар атты баласына Сапақ байдың қызын айттырған. Құда түскен соң қалың малын бермей тұрғанда, Жар сапақтың қызын алмайтын болып, айрылысқан. Шарифатта құда түсіп шапан киген соң, төс жеген соң – акті болады. Акті соңында қол ұстап айрылысса, қалың малының бәрі қызға тиеді. Егер де қол ұстамай айрылысса, қалың малының жартысы қызға тиеді. Сапақ бай шарифаттың бұйрығы бойынша қызының қалың малының жартысын алмақ болған. Қол ұстамаған қызға қалың мал беруші ме еді деп Ыбырай бермеген. Сапақ арыз беріп, мүфтиден бұйрық шығып, қалың малының жартысын санап алған». Әлихан Бөкейхан аталмыш мақалада осыған ұқсас діни басқарманың араласып, шарифат бойынша үкімі берілген тағы үш уақиғаны мысал ретінде келтіріп, қазақ қоғамында мүфтиліктің құрылуымен шарифат заңының қолданысы арта түскендігін жазады. Қазақтар арасында Діни басқарма беделінің күшейгендігі соншалық мүфтидің ықпалы аға сұлтандардан да асып түскен. Ол жайлы Әлихан Бөкейхан. «...аға сұлтандар муфти қарамағында тұрғанда, өздерінше, талай кемшілік көрді. Екі жақтан дау болғанда, мүфтидің бұйрығы жүріп, аға сұлтандардың сөзі сөз болмай қалушы еді» деп келтіреді (Бөкейхан, 2016: 139).

Ресей империясының қазақ даласындағы дін саласындағы саясатын саралап, қорытындылай келе мүфтилікті құру барысында діни басқармаға ресми және бейресми түрде бірнеше міндеттер жүктегенін аңғаруға болады. Ең алдымен діни басқарманы құру арқылы Ресей империясы өз мүддесіне қызмет жасамайтын уағызшылардың қызметін заңсыз деп тауып, қызметтеріне шектеу қойды. Олардың халық арасындағы беделін түсіріп, мұсылмандардың оларға деген сенімін азайтты. Сол арқылы «заңсыз» уағызшылардың бұратана халықтарға ықпалын әлсіретті.

Мүфтилікті құру арқылы отарға айналған мұсылмандардың алдында империяның исламға қарсы емес, керісінше қамқоршысы ретінде таныту үшін мемлекет қазынасынан қаржы бөлініп, діни басқарма қызметіне көмек көрсетілді. Жасалған жұмыстар жемісін беріп, империя билігі мұсылмандарды аз да болса тыныштандырды. Империяға бағынышты мұсылмандардың басым бөлігі түркі тілдес халықтар болғандықтан, мүфтилік арқылы олардың империямен шекаралас жатқан түркі

тілдес елдермен діни және туыстық негіздегі бірігушілік идеяларының таралуының алдын алды. Діни басқарманың басқару жүйесі патша өкіметінің әкімшілік басқару жүйесіне негізделгендіктен кең байтақ даланы мекендеп, сол далада емін-еркін көшіп-қонған жауынгер қазақтарды да империяның әкімшілік басқару жүйесіне біртіндеп бейімделуіне үлесін қосты. Қазақ даласындағы дін қызметкерлерінің басым бөлігі орыс және татар тілдерін меңгерген татарлар құрағандықтан қазақтардың татар және орыс тілдерін үйренуге деген ынтасын арттырды. Яғни, империя саясатын іске асыруға қолдау көрсететін мұсылмандық басқару жүйесі дамытылды.

Империя өзіне бағынышты мұсылмандарды сыртқы діни, саяси күштерден барынша оқшаулады. Мысалы, мұсылмандардың Түркиядағы және Орта Азиядағы көне ислами білім ордаларының орнына Қазан, Уфа секілді империя мүддесіне сай келетін кадр дайындайтын ислами білім ордаларында білім алу ұсынылды. Діннен тыс саяси, әлеуметтік мәселелерде билік пен қазақ ақсүйектері арасындағы қатынасты жақсарту үшін Орынбор мүфтилігінің беделін делдалдық қызметте пайдаланды. Оны Діни басқарманың алғашқы мүфтиі Мұхаметжан Хүсейіновтың қазақ даласындағы қызметінен анық көруге болады.

Жоғарыдағы пікірлерге қарап Діни басқарма тек империя мүддесіне қызмет етті деу ағаттық болады. Өйткені мүфтиліктің құрылуының отарға түскен мұсылмандар үшін де оңды тұстары болады. Мысалы, Патша өкіметі діни басқарманы құру арқылы қазақ халқын әкімшілік жүйеге бейімдеп, қазақтардың сеніміне аз да болса ие болғанымен, діни басқарма қызметі діни мен тілі ұқсас татар-қазақ халықтарының жақындасуына жол ашты. Өз кезегінде бұл кейінгі империя қарамағындағы мұсылмандар арасында мұсылман-түркілік сарындағы ұйымдардың пайда болуына алғышарт жасады. Діни басқарманың пайда болуы Ресей империясы аумағында ислам дінінің құқықтық статусының нақтыланып, исламдық институттардың жанданып, олардың ресми түрде жұмысын жалғастыруларына мүмкіндік туындатты. Дін қызметкерлерінің біліктілік деңгейін күшейту үшін нақты талаптар қойылып, сынақтан өткізу арқылы іріктеліп отырды. Ресей аумағында жаңа баспаханалар ашылып, қазақ қоғамы үшін де діни әдебиеттердің қолжетімділігі артты. Діни басқарма патша билігіне бағыныштылығына қарамастан түркі мұсылмандарының мәдениетіне

тінде ерекше орны бар «әл-Хидая», «уикоя» секілді танымал ханафи мазһабының діни әдебиеттерінен қол үзген жоқ. Керісінше оларды дін қызметкерлерінің оқып, тануын міндеттеді. Қазақ қоғамындағы ислам құндылықтары дамып, шариғат заңының рөлі артты. Туындаған мәселелер шариғат негізінде шешімін тауып отырды. Нәтижеде қазақ даласындағы ислам шариғаты мен ұлттық құндылықтардың дамуына оң ықпал етті. Ресей империясы Православие дініне басымдылық берумен қоса Орынбор мүфтилігін құрып, мұсылмандарды басқару жүйесін дамытты. Мүфтилік жұмысы нәтижеде империяға бағынышты мұсылмандардың өзге дін өкілі болғанына қарамастан патша әкімдігіне бағынды. Өз кезегінде бұл Ресей империясы аумағындағы барша мұсылмандардың зайыр-

лы мемлекеттік басқару жүйесіне біртіндеп бейімделу үрдісін тездетті. Осы тұста тақырыпты зерттеу нәтижесінде:

– бүгінгі таңдағы діни-саяси экстремизм қаупін туындатып отырған заңсыз уағызшылардың ықпалын ҚР аумағындағы мұсылманарға ықпалын әлсірету бағытында қолдану мақсатында ОМДБ-ның діни кадрларды тағайындау тәжірибесін толық зерттеу;

– мұсылмандық басқару институттарының қызметін – зайырлы мемлекетте тұратын мұсылмандар мен биліктің арақатынасын үйлестіру және қазіргі жаһандану үрдісіндегі рухани кері кетушіліктің алдын алып, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде бағыттау мақсатында тақырып аясында толыққанды зерттеулер жүргізу қажеттілігі айқындалды.

Әдебиеттер

- Абдрахманов. Р.У. (2017) Муфтии из башкир // Успехи современной науки. – Том 2, №4. – С. 134-138
- Адилова. Ф.А. (2010) Қазақ қоғамының саяси өміріндегі Орынбор мүфтилігінің орны мен қызметі (XVIII ғ. соңы – XX ғ. басы): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. 07.00.02 мамандығы бойынша / – Алматы. 147 б.
- Алиева Д.А. (2014) Религиозная составляющая политического процесса в России // Вестник Дагестанского научного центра. – № 52. – С. 102–105.
- Асанова Д.А. Ислам в духовной культуре Казахстана начала XX века // <http://e-history.kz/ru/contents/view/904>
- Бөкейхан Ә. (2016) Шығармалары, Астана. Т.8. 138-140 б.
- Гаврилов. Ю.А., Шевченко. А.Г. Русское мусульманство: история формирования идентичности. Научная электронная библиотека «Гражданское общество в России» // https://www.civisbook.ru/files/File/Gavrilov_rus_m-vo.pdf
- Денисов. Д.Н. (2012) Требования к кандидатам на мусульманские духовные должности в округе Оренбургского магометанского духовного собрания (конец XVIII – начало XX века) // Вестник оренбургского государственного университета. – №5. – С. 142-147.
- Ермаков. И.А. (2001) Ислам в культуре России. – М. – С. 291-292.
- Жораева Г. (2008) Қазақ және татар халықтарының қарым-қатынасындағы Орынбор мүфтилігінің орны мен рөлі. Ислам ынтымақ пен бірлік жолында. «Жетісу мұсылмандарының I құрылтайына 100 жыл» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы. 185 б.
- Загидуллин И.К. (2011) Оренбургское магометанское духовное собрание и духовное развитие татарского народа в последней четверти XVIII – начале XX вв.: Материалы одноименного научного семинара, посвященного 220-летию учреждения религиозного управления мусульман внутренней России и Сибири. – Казань. – С. 212.
- Касимов И.Х. Метрические книги. История и значение для научных исследований // <http://zagskom.udmurt.ru/region/metrika.php?type=special>
- Кемпер М. (2008) Суфии и ученые в Татарстане и Башкортостане. Исламский дискурс под русским господством / пер. с немецкого. – Казань, 675 с.
- Крайсман Н.В. Роль Оренбургского магометанского духовного собрания в становлении национальной и конфессиональной толерантности в России // <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-orenburgskogo-magometanskogo-duhovnogo-sobraniya-v-stanovlenii-natsionalnoy-i-konfessionalnoy-tolerantnosti-v-rossii>
- Махмутов. З.А. (2017) Духовная и образовательная деятельность татар в казахской степи в контексте внутренней политики Российской империи (вторая половина XVIII – начало XX века) // Самарский научный вестник. – Т. 6, № 1 (18). – С. 113-117.
- ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы.– 2-т., 868-іс., 110-п.
- Полное Собрание Законов Российской империи. Собрание 1-е. (ары қарай ПСЗ-1). Т. XVII. №13996. С.775-776.
- ПСЗ-1. Т.19. № 13489. С.99-101
- ПСЗ-1. Т.22. №16710. С.1107.
- Резван Е.А. (2014) Введение в коранистику. – Казань. – 408 с.
- Речкина. И.А. (2006) Мусульманская политика Российских властей в казахской степи (конец XVIII в. – 60-е гг. XIX в.) // Вестник Омского университета. – № 2. – С. 80–84.

Салиев. А.А. (2017) Религия и геополитика в Центральной Азии второй половины XIX – начала XX в.: Турция в системе региональных отношений // Вестник Кыргызско-Российского Славянского университета. – Том 17. № 4. – С. 74-78.

Султангалиева Г.С., Алитурлиева А.К. Оренбургское магометанское духовное собрание и оренбургская власть. Вторая половина XVIII – первая половина XIX в // <https://articlekz.com/article/5329>

Хабутдинов А.Ю. (2010) Оренбургское магометанское духовное собрание как основополагающий общенациональный институт в 1788–1917 гг. // Pax Islamica. – № 1(4). – С. 95-119 // <http://islamology.in/journal/article/viewFile/63/60>

Hristoforova. T.E. (2017) Activities of Novokreschenskaya office in the second third of the XVIII century. Science and education: research and development in the era of globalization: materials of the I European international research and practice conference April 30th, 2017, Vienna, Austria: Scientific publishing center «Open knowledge», pp. 126-131

Юнусова. А.Б. (2013) Исламский фактор внешней и внутренней политики Российской империи. «225 лет Центральному духовному управлению мусульман России» // Исторические очерки. – Уфа. – С. 49.

References

Abdrakhmanov R.U. (2017) Muftii iz bashkir. Uspekh sovremennoi nauki. Tom 2. №4. S. 134-138

Adilova F.A. (2010) Khazakh kogamynyn sayasi omrindegi Orynbor muftiliginin orny men kyzmeti (XVIII g. Sony – XX g. Basy): Tarikh gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin dayyndalghan diss. Atoreferaty. 07.00.02 mamandygy boyynsha / – Almaty. p. 147

Aliyeva D.A. (2014) Religioznaya sostavliyyushaya politicheskogo protsessa v Rossii. Vestnik Dagestanskogo nauchnogo tsentra. № 52. pp. 102–105

Asanova S.A. Islam v dukhovnoi culture Kazakhstana nachala XX veka // e-history.kz/ru/contents/view/904

Bokeykhan A. (2016) Shygarmalary. – Astana. – Т.8. pp. 138-140

Denisov D.H. (2012) Trebovaniya k kandidatam na musulmanskiye dukhovniye dolzhnosti v okruge Orenburgskogo magometanskogo dukhovnogo sobraniya (konets XVIII – nachalo XX veka) // Vestnik orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta №5. pp. 142-147.

Ermakov I.A. (2001) Islam v culture Rossii. – Moscow. – pp. 291-292.

Gavrilov Y.A., Shevchenko A.G. Russkoye musulmanstvo: istoriya formirovaniya edentichnosti. Nauchnaya elektronnyaya biblioteka «Grazhdanskaya obshchestvo v Rossii» // https://www.civisbook.ru/files/File/Gavrilov_rus_m-vo.pdf

Hristoforova T.E. (2017) Activities of Novokreschenskaya office in the second third of the XVIII century. Science and education: research and development in the era of globalization: materials of the I European international research and practice conference April 30th, 2017, Vienna, Austria: Scientific publishing center «Open knowledge», pp. 126-131

Kasimov I.K. Metricheskiye knigi. Istoriya i znachenie dlya nauchnykh issledovaniy // <http://zagskom.udmurt.ru/region/metrika.php?type=special>

Kemper M. (2008) Sufii i uchenie v Tatarstane I Bashkortostane. Islamskii diskurs pod russkimc gospodstvom / Per. S nemetskogo. – Kazan, p. 675

Khabutdinov A.Y. Orenburgskoye magometanskoe dukhovnoe sobraniye kak osnovopolagayushii obshenatsionalnoi institute v 1788-1817 gg. // Pax Islamica. 2010 № 1(4). pp. 95-119 // <http://islamology.in/journal/article/viewFile/63/60>

Kraysman N.V. Rol Orenburgskogo magometanskogo dukhovnogo sobraniya v stanovlenii-natsionalnoy i konfessionalnoy tolerantnosti v Rossii // <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-orenburgskogo-magometanskogo-duhovnogo-sobraniya-v-stanovlenii-natsionalnoy-i-konfessionalnoy-tolerantnosti-v-rossii>

Makhmutov Z.A. (2017) Dukhovnaya I obrazovatel'naya deyatelnost tatar v kazakhskoi stepi v kontekste vnutrennei politiki Rossiiskoi imperii (vtoraya polovina XVIII – nachalo XX veka). Samarskii nauchnyi vestnik. T. 6, № 1 (18). pp. 113-117

OOMM. 6-q. Orynbor askeri gubernatorynyn kanselyaryasy.– 2-t., 868-is, 110-p.

Orenburgskoye magometanskoe dukhovnoye sobraniye i dukhovnoye razvitiye tatarskogo naroda v posledney chetverti XVIII – nachale XX vv. Materyali odnoimennogo nauchnogo seminar, posvyashennogo 220-letiyu uchrezhdeniya religioznogo upravleniya musulman vnutrenney Rossii i Sibiri. Kazan. 2011. p. 212.

Polnoe sobraniye zakonov Rossiyskoy Imperii, Sobraniye 1-e. № (PSZ-1). T. XVII. №13996

PSZ-1. T.19. №13489, pp. 99-101

PSZ-1. T.22. №16710, p.1107

Rechkina I.A. (2006) Musulmanskaya politika Rossiiskikh vlastei v Kazakhskoi stepi (konets XVIII v. – 60-e gg. XIX v.). Vestnik Omskogo universiteta., № 2. pp. 80–84

Rezvan E.A. (2014) Vvedenie v koranistiku. Kazan. p. 408

Saliev A.A. Religiya i geopolitika v tsentralnoi Azii vtoroi poloviny XIX – nachala XX v.: Turtsiya v sisteme regionalnyh otnoshenii. Vestnik Kirgizsko-Rossiiskogo Slaviyanskogo universiteta. 2017. Tom 17. № 4, pp. 74-78

Sultangaliyeva G.S., Alituriyeva A.K. Orenburgskoye magometanskoe dukhovnoye sobraniye i Orenburgskaya vlast. Vtoraya polovina XVIII – pervaya polovina XIX v // <https://articlekz.com/article/5329>

Yunusova A.B. (2013) Islamskiy factor vneshney I vnutrenney politiki Rossiiskoy imperii. «225 Let Sentralnom dukhovnomu upravleniyu musulman Rossii» Istoricheskiye ocherki. Ufa, pp. 49.

Zhorayeva G. Kazak zhane tatar khalyktarynyn karym-katynasyndagy Orynbor muftiliginin orny men roli. Islam intymak pen birlik zholynnda. «Zhetisu musulmandarynyn I kuryltayina 100 zhyly» aty khalykaralyk gylymi-praktikalyk konferensiya materyaldary. Almaty. 2008, p. 185.